Шиелі аудандық
қоғамдық-саяси газет

Маржаны Сырдың - Шиелі

Өскен өңір

№22 (8673) 27 наурыз,
сәрсенбі, 2019 жыл

osken_onir@mail.ru

Газет 1939 жылдың
19 наурызынан бастап шығады

ҮТ КЕЛДІ, ҚҰТ КІРДІ

4000 ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТТЫ ҚАМТИТЫН ТАРИХЫ БАР ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ И.ҚҰТПАНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ СТАДИОНДА ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТТІ. ЛАЙЫМ ТОЙЫМЫЗ ТАУСЫЛМАСЫН.

Елдос ЖҮСІП.

Шәкірім Құдайбердінің: «Бұл ән, бұрынғы әннен өзгерек» дейтұғынындай биылғы Наурыз басқаны айтпағанда біздің ауданда жылдағыдан бөлек болды. Оны Иманжүсіп алаңына келген әрбір аудан тұрғыны көріп, іштей сезінгенде болар. Таң сәріден орталық алаңға жиналғандардың қарасы әдеттегіден осы жылы анағұрлым көп көрінді. Тағы бір байқағанымыз, алдыңғылардай ақшаңқан 8 қанатты ақ үйлердің саны азайып, олардың орнына сыйымдылығы неше есе үлкен шатырлар тігілген екен. Әр шатырға жеке-жеке атау беріліп, айналасы абыр-сабыр, қазан асылып, самаурын қайнап жатты. Ал, жалпы шатырлардың орналасуы, сахнаның безендірілуі, спорт ойындары өтетін орындар барлығы келген қонаққа өте қолайлы орналасқан. Жасыратыны жоқ бұрындары Наурыз, «Алтын күз» сынды мерекелерде қатарлай тігілген киіз үйлерге кіріп, жайылған дастарханнан дәм тату сырттан келген қонақтар мен

сол мекеме қызметкерлеріне ғана рұқсат секілді сезілетін-ді. Ал, осы жолғы мерекеде мүлде бөлек көрініс орнап, ұйымдастырушылар тарапынан тұрғындарға бейне бір тосын сый жасалып жатқандай әсер қалдырды. Олай дейтініміз, алғашында орталық стадионға жиылған қалың нөпір ақ шатырларды айналып өтіп, жайылған дастарқанға біразға дейін жақындамады. Бірақ, жүздерінен мерекелік көңіл күй көрінген қызметшілер келушілерге көже ұсынып, елді бір баракат сезімге бөледі. Ұйымдастырушылардың сөзіне сүйенсек, құрылған 22 шатырдың әр қайсысына орта есеппен 100 адам емін-еркін тамақтанып, ұлттық астан дәм татқан. Осылайша әр үйден таңғы сағат 10-нан бастап, түскі 13:00-ге дейін үш қайталап қонақ күткенде барлығы 10 000-нан астам адамға наурыз көже тартылған.

Иә, Наурыз тек қазақтың ғана емес, мұқым түркі жұртының ортақ тойы. Наурыз тойы туралы көнеден жеткен түрлі әфсана, қисса-дастан, аңыз-әңгіме де көп ел арасында. Тойлану тарихыда терең. Ғаламдағы ежелгі мейрамның тарихын зерттеп жүрген ғалымдар бұл күннің парсылар мен ирандықтардан да бұрын прото түркілер, дей түркілердің тойлағаны жайында жиі айтып жүр. «Наурыз» парсы сөзі болғанымен, ол өте ерте заманда-ақ, қазақ тұрмысына кіріп, сіңісіп кеткені белгілі. Елдіктің тірегі ұлттық қазына, салт-дәстүр, діни жоралғыларымыз болатын болса, Наурыз мерекесі сол темір қазықтың бір бөлшегі екені даусыз. Ал, болашаққа рухани жаңғыру арқылы зер салған мемлекетіміз үшін ұлттық мерекенің Ұлы дала елінде ерекше тойлануы болашағымыздың баянды болуына кепіл емес пе?

(Жалғасы 4-бетте)

Б.БӘЙІМБЕТ (фото)

ТАПСЫРМА ТАЛҚЫЛАНБАЙДЫ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМДІГІ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Т.ЖАҒЫПБАРОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИНАЛЫСҚА АУДАНДАҒЫ ОСЫ САЛАҒА ҚАТЫСТЫ БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ МЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ, КЕНТ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Аудан көлемінде алаяқтық қылмысының алдын алу шаралары туралы Шиелі аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Тоқтыбаев хабарлама жасады. Баяндамасында 2018 жылы Қызылорда облысында 749 алаяқтық тіркелсе, 2017 жылмен салыстырғанда 7,3 пайызға артқандығы туралы мәлімдеме айтты. Сонымен қатар, ауданда биыл екі айдың ішінде 9 қылмыс орын алып, оның 4-еуі ашылған. Төрт қылмыстың 2-уі сотқа жолданса, қалған екеуі ымыраласу арқылы шешілгендігін жеткізді. Ауданда алаяқтық қылмысы биыл 1,7 пайызға өсім алып, алаңдатарлық жағдай туғызып отырғандығын сараптап айтып берді. Сондай-ақ, осы санаттағы қылмыс санының өсуі сенгіштік пен жеңіл табыс көзіне деген құмарлықтың орын алуымен байланыстырып отырғандығын айта кетті.

«Қазақтың міні – мал ұрлығы», – депті Абай Құнанбаев. Әлі де солай. Еліміздің қай аймағын алсақ та, жыл сайын мал ұрлығы азаймай отыр. Осыған байланысты аудан көлемінде бөтен мүлік ұрлығы қылмысын, оның ішінде мал ұрлығының алдын алу бағытында атқарылған және атқарылатын іс-шаралар туралы аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Әбдімәуленұлы мен аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Әбен Жұпарбек баяндама жасады. Есепті мерзімде 15 мал ұрлығы орын алып, оның 3-і ғана ашылған. Қалған 12-і ашылмай отыр. Орын алған мал ұрлығының 15-і де ауылдық округтерде орын алып отыр. Осы келтірілген деректері мен дәйектеріндегі кездесіп отыратын айырмашылықтарға жиылғандардың назарын аударды. Кент және ауылдық округ әкімдеріне аудан көлеміндегі мал ұрлығына тосқауыл қою бағытында жұмыстарды жандандыруға, сонымен қатар, ауылдық елді мекендерде пада жұмысының ұйымдастырылуына қатаң бақылау орнатып, тиісті жұмыстар атқарылуын талап етті. Ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын жалғастыруды, соның ішінде малды ұйымдастырылған тәртіпте бағудың тиімділігін, оларды арнайы белгіленген орындарда және шығу тегін растайтын (ветпаспорт) ілеспе құжаттарынсыз сатуға болмайтындығын, барлық вакциналар тек құжатталған жануарларға егілетіндігін ауыл тұрғындарының назарына жеткізіп, ақпарат беруді нақтылады. Аталған салалар басшыларының есептерін тыңдаған аудан әкімінің орынбасары Т.Жағыпбаров осы мәселелер бойынша кемшін тұстарды түзетуге нақтылы тапсырмалар берді.

Жұлдызай НОҒАЙБАЙҚЫЗЫ.

АЯҚСУҒА АБАЙ БОЛ

БИЫЛ ОҢТҮСТІК АЙМАҚҚА КӨКТЕМ ЕРТЕ КЕЛДІ. ҚЫСТЫҢ ДА ҚЫТЫМЫР МІНЕЗІН КӨРЕ ҚОЙМАДЫҚ. ЖАУЫН-ШАШЫН МЕН ҚАРДЫҢ ТҮСУІ ДЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ МОЛ БОЛМАҒАНЫ МӘЛІМ. ОСЫНЫҢ ӘСЕРІНЕН КӨКТЕМ ЖӘНЕ ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ СУ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ ОРЫН АЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕКЕНДІГІН ЕСКЕРГЕН ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ТИІСТІ САЛА МАМАНДАРЫ ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСІП, МӘН-ЖАЙДЫ ТҮСІНДІРУДЕ.

Нұрболат СӘДУАҚАСҰЛЫ.

Осы мақсатта Қызылорда облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Б. Жаханов бастаған ақпараттық топ мүшелері дүйсенбіде Шиеліге келіп, өңірдегі бірқатар серіктестік және шаруашылық басшыларымен кездесу өткізді. Көкшоқыдағы Арман мәдениет үйінде өткен шараны аудан әкімінің орынбасары Т. Жағыппаров ашып жүргізді.

Топ құрамының толық мүшелері «Арал-Сырдария су бассейіні» испекциясының басшысы Ә. Қарлыханов, «Қазсушар» РМК Қызылорда облыстық филиалының басшысы Ж. Ерназаров және облыстық табиғат қорғау басқармасы басшысының орынбасары Б. Шәменов.

-Биыл егістіктерге су жетпей қалу қаупі басым. Себебі, Шардара су қоймасындағы орын алған апатты жағдайдың әсерінен аталған қойма жылдағыдай су қорын жинай алмай қалды. Сондықтан, облыс көлемінде егілуі жоспарланған күріш алқабын қысқарту керекпіз. Барлық шаруашылық басшылары, ел-жұрт бұған түсіністікпен қарауы керек, – деді Б.Жаханов.

Жалпы, Сырдарияға су Қырғызстан мемлекетіндегі ең үлкен су көзі Нарын өзені мен Өзбекстан Республикасындағы Қарадария өзендерінен келіп құятындығы мәлім. Аталған елдердегі Тянь-Шань таулар жүйесіндегі жинақталған қар, мұз, жауын-шашын осы екі өзенге келіп құйылып, арқырай ағып, Өзбекстанның Ферғана алқабында түйісіп, одан бермен қарай бір арнаға түсіп, Сырдария атауымен Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне құлайды. Биыл аталған мемлекеттерде қысқы жауын-шашынның аз болуы себепті, су қоймаларына тиісті мөлшерде су жинақталмаған.

Мәселен, Қырғызстандағы Тоқтағұл су қоймасы биыл 13 млрд. текше метр су қорын әзер жинақтаған деседі тиісті ақпарат көздері. Бұл былтырғыдан 2 млрд. текше метр суға аз деген сөз. Бұдан бөлек Тәжік теңізі деп аталып кеткен Тәжікстан Республикасындағы 3 млрд текше метрге дейін су жинақтай алатын атақты Қайраққұм бүгінгіше атасақ «Бахри Точик» су қоймасында да жинақталған су қорының көзі мәз болмай тұрғанға ұқсайды.

Тәжік, өзбек, қырғыз ағайындарда күн жылыса, кетпенін арқалап, қосқа шығып, егін егіп, жер суғаратыны мәлім. Бізге қажет су бұл ағайындарға да керек. Өздеріндегі жағдай әлгіндей болып отырғанда, біздегі жағдай айтпаса да түсінікті.

Жоғарыдағы себептерге сәйкес, біздегі Көксарай су қоймасы биыл 800 млн. текше метр суды кем жинапты. Бұл дегеніңіз екі ауданның егісіне қажетті су көзі. Осыдан-ақ, жағдайдың қаншалықты қауіпті екендігін бағамдай беріңіз. Ал, Шардарадағы апатты жағдайдың әсерінен жылдағы жоспар бойынша келіп түсуі тиіс 5,2 млрд. су жинақталмай қалған.

Облыс әкімдігінің тиісті сала мамандары осынау мәселелерге байланысты биыл Қызылорда облысы күріш алқабын 3 мың гектарға амалсыз қысқартуға мәжбүр екендіктерін жеткізді. Шараға жиылған шаруашылық басшыларына осыны айтып түсіндірді. Жылдағыдай арқаны кеңге салып, жоспардан тыс егін екпеуге шақырды. Ескертуге құлақ аспай жоспарсыз егілген егінге ертең су жетпей жатса, бұл шаруашылықтарды құр шығынға батырып қана қоймай, елдегі әлеуметтік жағдайға да кері әсерін тигізетіндігін жеткізді.

Сонымен қатар, жиын барысында «Қазсушар» РМК Қызылорда облыстық филиалының басшысы Ж.Ерназаров суға қарыз бірқатар шаруашылық басшыларынан қарыздарын өтеуді сұрады. Оның айтуынша, Шиелідегі кейбір шаруашылықтар бұл мекемеге миллиондаған теңге қарыз. 2016 жыл, 2017 жыл және 2018 жылдардағы қарыздар қозғаусыз төленбей тұрғанға ұқсайды. Ол биыл онсызда судың тапшы болып отырғандығын тілге тиек ете келе, суға қарызы бар шаруашылықтарға су берілмейтіндігін ескертті. Шиелідегі су саласының мамандары аяқ судың осы мәселесін жіті бақылауда ұстау қажеттігін ескертті. Себебі, аталған мекеменің жинақталған қарыздары тиісті қадағалаушы органдардың назарынан тыс қалмай тексерулердің жүріп жатқанын айтты.

Ал, аудандағы су саласында ұзақ жылғы еңбек өтілі бар Ә.Сейітов болса:

– Біздегі шаруашылықтар ешкімге айтпай егін егіп алады да, су жетпей жатса, «обалы сендерге» дейді. Содан жан-жаққа шығып, ардагерлерін ертіп, дау туғызады. Біз өз суымызға еге болайық, ал, шаруашылықтар өз жерлеріне ие болсын. Біз егін екпе деп айтпаймыз. Ротация сақталуы тиіс-деп, мәселені екінші қырынан көтерді.

Су саласының облыстық деңгейдегі басшыларының келгенін пайдаланып, Ботабай және Сұлутөбе ауылдық округтарының шаруашылық төрағалары мен ардагерлері өздеріндегі кейбір мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын айтты. Мәселен, сұлутөбеліктер үшін Көксу каналының табанын қазу маңызды көрінеді. Бұған ауылшаруашылық басқармасының басшысы Б. Жаханов сала мамандарына зерттеу жүргізуге ұсыныс беретініндігін жеткізді. Ботабайлықтар үшін биыл ауылға келетін аяқ су каналының табаны тазаратындығы жеткізілді.

Аудан әкімінің орынбасары Т.Жағыпбаров көктемнің ерте түсуіне байланысты биыл егіс 15-20 күнге ерте басталатындығын білдірді.

Су тапшылығына байланысты егіс көлемі биыл жылдағыдан біршама аз егілетіндігі белгілі болды. Мәселен, 2018 жылы аудан бойынша 27 мың 698 гектар алқапқа егін егіліп, оның 12 мың 627 гектарын күріш құраған. Биыл, 27 372 гектарға егін егіп, 11 мың 580 гектарға сыр салысын орналастыру жоспары жасалғандығын айтты.

НАУРЫЗ – ҚАЗАҚЫ БОЛМЫСЫМЫЗДЫ ТАНЫП, ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАЙТЫН МЕРЕКЕ. БҰЛ МАҚСАТТА ШИЕЛІ АУДАНЫ, ГИГАНТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖЫЛ САЙЫН БІРҚАТАР БАЙЫПТЫ ІСТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ.

ЖЕР ЖАҢАРЫП, ДӘСТҮР ЖАҢҒЫРДЫ

«Бір тал кессең, он тал ек» қағидасын мықтап ұстанған халқымыз үшін тал егу — маңызды істердің бірі. Қазақ әуел бастан Наурыз мерекесіне ерекше даярланған. Көктем келіп, күн қыза бастағаннан-ақ ауланы, тоғайлар маңын тазалап, ағаштардың түбін әктеп, күтім жасаған. Наурыз — мезгілдің, жылдың жаңаратын уақыты ғана емес, адамның да жандүниесін тазартатын, не тындырдым деп өткен жылға қайырыла қарайтын тұс.

Наурыз мерекесіне орай аудан басшысы Әшім Оразбекұлы Бидайкөл ауылына атбасын бұрды. Бидайкөл ауылы ардагерлерімен бірге М.Шоқай көшесінен бой көтерген саябаққа жеміс ағашын отырғызды. Атап айтқанда, 80 түп шырша ағашы, 150 түп әр түрлі жеміс ағаштары және 4 түп жылауық ағашы егілді. Күннен күнге гүлденіп келе жатқан ауыл саябағына наурыз мерекесі ерекше үміт сыйлағандай болды. Барша жұртты жұмылдыратын тал егу жұмысы арқылы балалардың табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру екенін тағы бір рет дәлелдей түсті. Егілген ағаштың, өскен өсімдіктің әуе алабына тигізер пайдасы зор. Жасыл желектің әсерінен ауа тазарып, қолайлы микроклимат қалыптасады. Бұл – ауыл болып, қолға алынып жатқан шара. Тұрғылықты жеріміздің тал-терегін жайқалтып, гүлмен көмкерілген баққа айналдырып, ауылдың ажарлы болуына үлес қосу кімнің болса да азаматтық парызы. «Бабалар еккен шынарды балалары саялайды» демекші, отырғызған жасыл желектеріміз тез жерсініп, балғындарымыз мақтанышпен айта жүріп, саясында емін-еркін асыр салып ойнауы біз үшін үлкен қуаныш деп ел ағалары бір-біріне ілтипатын жеткізді.

Содан кейін, Бидайкөл ауылдық мәдениет үйінің екінші қабатынан арнайы бір бөлмені жабдықтаған «Ай Ару» шаштаразының ашылуымен жалғасты. «Кәсібіне қарай-нәсібі» демекші, бүгінде өз мүмкіндіктеріне қарай кәсіп ашып, ісін дөңгелентіп отырғандар саны күннен – күнге артып келеді. Аудан басшыларының қолдауымен жас кәсіпкерлердің саны жылдан жылға ұлғайып, өзге жастарға бүгінде үлгі болуда. Сол жандардың қатарында жас кәсіпкер Әсел Жұматаева да бар. «Адамды көркейтетін-еңбек» дегенді алға тартатын

Б.БӘЙІМБЕТ (фото)

Әсел Бабабекқызы аянбай еңбек етіп, тұрмысымда берекелі етуде жұмыстар атқара беретінін алға тартты. Мемлекеттің қолдауымен бүгінде осындай жетістікке жетіп отырған жастар саны артып келеді.

Осылайша, Гигант ауылдық округі жұртшылығы Ұлыстың ұлы мерекесін ұлықтайтын ауқымды шарада домбыраның қос шанағынан күй төгілтіп, асқақ әнді әуелеткен бөріктілер мен наздана күліп, бұрала басқан көріктілердің билері жанарларды жаулады. Ауылдық мәдениет үйінің алдына жағалай тігілген қазақтың киіз үйлерімен шатырлары қаздай тізіліп, алтыбақан ойындары ойнатыла отырып, киіз үйдің ішінде ауылдың алты ауызы айтылды. Шара барысында ұлттық спорт түрлері қазақша күрес, арқан тарту ойындарымен жалғасын тапты.

Ж.ҚАУҒАНБАЕВА.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

ӘР ЕЛДІҢ, АУЫЛДЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІНЕ КӨЗ САЛСАҚ, СОЛ АУЫЛДЫҢ ТАРИХЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН, ЕЛДІҢ ЕЛДІГІНІҢ, АБЫРОЙЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ БОЛҒАН, АУЫЛДАСТАРЫНАН БӨЛЕК БАСҚА ЕЛ МОЙЫНДАҒАН ЕЛДІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ ІСПЕТТІ АЙТУЛЫ АЗАМАТТАР БОЛАДЫ. МІНЕ, ОСЫНДАЙ ЕҢБЕКШІ АУЫЛЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ, ЯҒНИ, АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ БАЙДҮЙСЕН ОРАЗОВ, БАЙТІЛЕС ЖҮСІП, СҰЛТАНХАН ТӨРЕНИЯЗОВ АҒАЛАРЫМЫЗ. ОЛ КІСІЛЕР ҮШІН ЕЛДІҢ АБЫРОЙЫ ОРТАҚ ЕДІ. ӘДІЛДІКТІҢ, ШЫНДЫҚТЫҢ, БЕРЕКЕ БІРЛІКТІҢ ДЕ БАҒАСЫН БІЛЕТІН. СҰРАПЫЛ СОҒЫС КӨРГЕН АЗАМАТТАР ЖЕКЕ БАСТАРЫНАН ЕЛДІК МҮДДЕНІ ӘРКЕЗ ЖОҒАРЫ ҚОЯТЫН.

Үшеуінің де жалтағы мен жалпағы жоқ болатын. Реті келгенде «турасын айтып туғаныма жақпадым» демей, әділдігін айтатын. Олар келе жатқанда теңіздің бетінде үш алып кеме жүзіп келе жатқандай көрінетін. Қазір ойлап отырсам, олар сол кездегі қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке билері секілді болған екен-ау. Себебі, қазіргі таңда ауылда үшеуінің орны ойсырап тұр, іздері сайрап жатыр, айтқан ақылдары мен көрсеткен үлгі өнегелері көкіректе жатталып тұр. Кішісі Сұлтекең, ортаншысы Байекең, үлкені Байдүйсен ағам еді. Кішісі үлкендерінің айтқанын екі етпей орындаса, үлкені кішісінен соңыма ерген інілерім деп бірін-бірі қостап, көтермелеп отыратын. Адамзат арасындағы сыйластықтың эталондары сияқты еді. Үшеуі де қағытпа әзілдің шеберлері болды. Отырғанда әзілдері керемет жарасатын. Біріні-бірі әзілмен көтермелеп, кем жерін толықтырып, биіктігін дәріптеп, отырған жерлерін думандатып, гүл жайнатып жіберетін. Байдүйсен ағам домбырамен ән салып, артында асыл сөз қалдырған азамат. Еңбекші совхозы өз алдына отау көтеріп, шаруашылық болған жылы совхоз директоры Т.Байдүйсен ағаны орталық қойма меңгерушісі етіп алыпты. Орталық қойма болғасын жем, түрлі шаруашылыққа керекті заттар вагонмен келетін көрінеді. Байдүйсен серілігі бар, құдалық тойға кетіп қалып, шаруашылыққа зәру кездері жиі болатын сияқты. Жыл толып, демалысқа кеткен кезде шаруашылық басшысы орнына адам қабылдапты. Демалыс бітіп, совхозға келсе ешкім жұмысқа шық деп айтпайды екен. Содан күнде келіп-кететін көрінеді. Орнында басқа адамның істеп жатқанын көрсе де, көрмеген болып жүре беріпті. Жұрт сұраса колхозға қарағанда совхоздың демалысы ұзақтау болады екен, – депті. Әңгімені совхоз директоры естіп, ағасының әңгімесіне риза болып, басқа жұмыс беріпті. Ағасының ұстанымына, ақыл-парасатына риза болған ғой. Үшеуінің елдің есінде қалған, ұйымдастырған, бастамашыл болған тірлігі орталық бейітті қоршау еді. Үшеуі қайта-қайта совхоз директорына кіріп, рұқсат алып Аққұм станциясынан совхоздағы барлық К-700 тракторын тіркемесімен жауып, қажетті темір-бетон қадаларын әкелуге қол жеткізді. Бейіттің басында жүргенде де әзілдері қалмайтын. Сұлтанхан бейіттің айналасын қадамдап өлшеп бара жатса, сәл ұзағасын Байдүйсен ағам: – Әй, Сұлтанхан, кейін қайт, бар тарақтыны қырасың ба? десе, Жұмабек (жиен ғой) Сұлтанхан, Бәйтілес, Байдүйсен үшеуіне жердің тәуірін құрғақ жерден іздеп жүр екен деп әзілдейтін көрінеді. Сұлтанхан ағамыз батыл сөйлейтін, саясаттың ағымын тез қабылдайтын, өте зерек адам еді. Партия жиналыстарында, партком мәжілістерінде партияның алға қойған міндеттерін, бағыт-бағдарын тез қабылдап, тиісті шешім шығаруға жәрдемдесетін. Мен совхозға партия комитетінің хатшысы болып келген кезімде жиналыстан кейін: – Есіркеп, келгенің құтты болсын. Бірақ, ауылда істеу оңай емес, қиындықты алдымен менен, сосын басқа ағаларыңнан көресің деуі, өз ауылында істеудің қиын екендігін маған ескертуі, ағалық қамқорлығы, жанашырлығы, үлкендігі деп қабылдадым. Ал, Байтілес ағам нағыз қара қылды қақ жаратын әділдігі, айбары бар, әруақ қолдаған, қыдыр дарыған ардақты азамат еді. Жеті жыл бойы қанды қырғын ішінде жүріп аман келуі, өсуі, өнуі нағыз Құдай деген ниетінің көрінісі емес пе? Ағайынға қамқор, достан көңілін аямайтын, біреуге көңілі кетсе алаңсыз құлайтын, ардақты азамат еді. Көп жыл ферма меңгерушісі болып, ауданда қой шаруашылығын өркендетуге қомақты үлес қосты. Еңбекші совхозы алғаш құрылған кезде жем-шөп базасы дұрыс болмай, мал шығынына жол беріліп, аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде совхоздағы мал шығыны арнайы қаралыпты. Аупарткомның бірінші хатшысы О.Бәйімбетов совхоз басшыларына, ферма меңгерушілеріне қайта-қайта шүйліге беріпті. Ол кезде партиялық биліктің күштілігі соншалық бірінші хатшының ауданда сот та, прокурор да, милиция да мен дегенін талай естідік. Бюро әбден қызған кезде Байтілес ағам орнынан тұрып: «Әй, Орынбасар, немістен қалған жаным бар, түрмең қайда, өзім кеттім, үйден қара тонымды алдырып беріңдер!» – деп орнынан тұрып шығып кетіпті. О.Бәйімбетов сасып не істерін білмей бюроны жабуға мәжбүр болыпты. Не деген қайсарлық, батырлық десеңізші!

Мен ауылдың үш арысындай болған үш ағамды еске түсіріп, олардың еліне адалдығын, ұрпағына адал аманатын айтып, өзім бірге жүріп, қызметтес болғандықтан оларды келешек ұрпақ білсін, құрметтесін, ұмытпасын, керек кезінде есіне алсын, әруақтарын биіктетсін, ардақтасын деген оймен еске түсіріп жатырмын. Жастайымнан қызметке араласып, аудан орталығында қызмет жасаған соң аудан өміріне белсене араласқан, кезінде еліне қамқор болған тоталитарлық жүйенің кезінде де қаймықпай пікір айтатын ел арыстарының болғандығын аудан халқы әлі ұмыта қойған жоқ шығар. Кезінде өз бағасын ала алмаған оларға да көңіліміз толмай, бағасын бере алмай, айдар тақтық. Нұрмахан Қасымов, Әзімхан Смайылов, Жақантай Қойбағаров, Әшім Аманжолов, Сәттібай Алпамышев т.б. ағаларымыз нағыз елдің арқа сүйер азаматтары еді. Біреуі пікір айтса, қалғаны қоштап, елдің ауызбірлігінің, татулығының символындай болатын. Ә.Сапахов, Р.Нүрекеев ағаларымыз өздерінің қызметтен кететінін білсе де, тура сөйлеуден, пікір айтудан таймай өздерінің ірілігін, елдің бірлігін, айбарын көрсете білді. Осы өмірден өткен ағаларымыздың ерен еңбегін көргенде қазіргі ардагерлер «біздер кімбіз?» деген сұрақ туады. Осылар секілді елдің келешегін ойлаған, ұрпақ қамын жеген қасиеттерін біз алға апара алдық па, елдің арасында біздің абыройымыз қандай дәрежеде деп ойланамыз. Біз келген әкімдерді күтіп алып, қолтықтап шығарып салғанымызға, өзімізге өзіміз риза болып жүргенімізбен, халықтың жағдайы туралы пікір айтпайтын, ойланбайтын, толғанбайтын халықтың мұңзарында жұмысымыз жоқ. Жиналыста қара көбейтетін, айтары жоқ ардагерлерге айналып бара жатқан жоқпыз ба? – деген өзімізге күмәніміз бар. Біз халық түгілі өзімізді қолдап, қоштап, омырауымызға медаль тағып, төрге отырғызып жүрген, билікке де пайдамыз шамалы-ау деймін. Кешегі күндері елдің нашар тұратын әлеуметтік топтары бас көтеріп, ел шулап жатқанда біреуіміз барып, халықпен кездестік пе! Бірақ, қазақ не көрмеген халықпыз, бұдан да ауыр қиындықтарды бастан өткізіп, ашаршылыққа, босқынға ұшырап, қырылып қайта еңсе түзеген халықпыз. Қазақта «аға тұрып іні сөйлегеннен, апа тұрып сіңлі сөйлегеннен без» деген бар, айналайындар, шүкіршілік қылыңдар, ел аман, басымыз бүтін, бейбітшілік қой, шулай берменңдер, елді басқарып отырған өзіміздің төл перзенттеріміз ғой, бір есебін табар, жағдайларың қалыпқа келер деп басу айтуға, елдің алдына баруға жараған жоқпыз. Алдымыздағы ағалар да, соңынан жүрген бізде үнсіз қалдық. Елдің үлкендерінің нағыз керек жері осы емес пе? Халыққа, билікке жаны қысылғанда көрінбесек, қай уақытта көрінеміз? Елдің арыстарының орны ойсырап тұр.

Қайдасыңдар, арыстар,
Ел бірлігін нық ұстар.
Сайрап жатыр іздерің,
Орындарыңды кім басар?

Е.ШӘДІБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН Ә.ТӘЖІБАЕВ АУЫЛЫ БИЫЛ ЕРЕКШЕ ТОЙЛАП ӨТТІ. АУЫЛДЫҚ МЕКТЕП АЛДЫНА КИІЗ ҮЙ ТІГІЛІП, ЕҢБЕКТЕГЕН БАЛАДАН ЕҢКЕЙГЕН ҚАРТҚА ДЕЙІН НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ КӨРІГІН ҚЫЗДЫРУҒА АТСАЛЫСТЫ. ТАТУЛЫҒЫ ЖАРАСҚАН ТЕЛІКӨЛДІКТЕР Ә.ТӘЖІБАЕВТІҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫН ТОЙЛАУДЫ ТУҒАН ЖЕРІНЕН БАСТАП, ШАРАНЫ ОДАН ӘРІ ҚЫЗЫҚТАЙ ТҮСТІ. МЕРЕКЕЛІК АЛАҢДА ДОСТЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ АЛМАЙТЫН ҚАМАЛЫ БОЛМАЙТЫНЫН ІС-ШАРА АРҚЫЛЫ ТАҒЫ ДА ПАШ ЕТЕ БІЛДІ.

ТӨЛ МЕРЕКЕ – ТЕЛІКӨЛДЕ

Б.БӘЙІМБЕТ (фото)

Ұлы далада сан ғасырлар бойы тойланып келе жатқан ұлық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесі. Осы айтулы күннен адамдар алдағы уақыттан мол үміт күтеді. Сондықтан, көктем мезгілі жаңару мен жаңғыру екені белгілі. Жыл сайын қазақ елі Наурызды ерекше ықыласпен қарсы алып, ұлттық ойындар ойналып, әндер айтылып, салт-дәстүрмен тойланады.

Осылайша, Наурыз мерекесі мен Ә.Тәжібаевтің 110 жылдығын тойлау мақсатында ауыл тұрғындары мектепке қарай бет алды. Ежелден келе жатқан Наурыз мерекесіне дайындық та жоғары деңгейде екен. Мектептің алдына қарай беттей қалсаңыз оң жақ бетінде қонақтарға арналған киіз үй тігіліп, №214 мектептің еңбек пәнінен мұғалімі С.Қалекеева қол өнерден көрме ұйымдастырса, мектеп кітапханашысы Н.Оразымбет ақын, драматург, әдебиет зерттеушісі Ә.Тәжібаевтың 110 жылдығына арналған кітап бұрышын ауыл тұрғындарына таныстырды. Ал, сол жақ жағы аспан астында шатыр тігіліп, дастарқан жайылып, сыр маржанынан дәм ұсынылды. Наурыз көжеден дәмтатқан қауымның қарасы қалың болды. Берекелі кең дастарқанда әзіл-қалжың мен ғибратты әңгімелердің тиегі ағытылғаны белгілі. Сондықтан болар, күн мен түн теңелетін Наурызды аталарымыз Ұлыстың ұлы күні деп бекер айтпаған. Иә, Наурызда табиғат жасарып, жаңарады. Ағаштар бүршік жарып, жер көгеріп, мал төлдеп, қорада шу болып, сай-саланы қуалай жылғалардан су ағып, бұлақ көздері ашылып жататын кезең бұл.

Содан кейін, мерекелік концерт қойылып, №214 орта мектеп оқушыларының Ә.Тәжібаев жырларынан «Көтерілген күмбез» шығармасынан драмалық қойылым көрсетті. Сахнаның безендірілуі де ерекше ілтипатқа ие болды. Осы шараға аудан әкімі Ә.Оразбекұлы ауыл тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Той қызығын арттырған әсем ән мен мың бұралған келіндер биі телікөлдіктерді тербетіп тұрғандай әсер қалдырды. «Береке» әжелер ансамблі тәттілерден шашу шашса, Ә.Тәжібаев көшесінің тұрғындары ат-арбамен ұлттық киімдерін киіп, «Дедімай-ау» әнімен арнайы керуен жасап, шараны айшықтай түсті. Ал, ұлттық спорттық ойындар думаншыл қауымның делебесін қоздырды.

Спорт десе ауыл тұрғындары бір иығын беріп тұратыны баяғыдан белгілі. Сол дәстүрді сақтағандар Наурыз тойында бірнеше жарыс ұйымдастырды. Волейбол, футбол, арқан тартыс, гір тасын көтеру, сонымен қатар қой көтеру сайысы да біраз тартысқа түсірді. Қойды иығына салып алып көтеруге оншақты адам шықса да, Сағыныш Жұмаханды жеңе алмады. Сайыстағы қарсыластарынан өне бойы озық шығып, 120 рет көтеріп, қойды қанжығасына байлап, жеңімпаз атанды.

Телікөл ауылының тұрғындары ежелден табиғатпен етене араласқан, айдың амалын, күннің қабағын баққан ұлы даланың ұлық мерекесі, қазақтың төл тойын осылайша атап өтті.

Жұлдызай НОҒАЙБАЙҚЫЗЫ.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ЦИФРЛАНДЫНДЫРУ: ӨНІМДІЛІКТІ АРТТЫРУҒА ЖОЛ АШАДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ЖАЗКЕН ЖИЕМБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨСІМДІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КАРАНТИН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ (ҚАЗӨҚЖКҒЗИ, АЛМАТЫ Қ.) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ШИЕЛІ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН «АҚМАЯ» ШҚ-НЫҢ БАЗАСЫНДА НАҚТЫ ЕГІНШІЛІККЕ АРНАЛҒАН «AKMAYA SMART FARM» ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРА БАСТАДЫ.

Жоба ауылшаруашылығына жеделдетілген инновациялық технологияларды енгізуге, фермерлік шаруашылықтардың өндірістік тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға, ішкі нарықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қанықтыруға және азық-түлік экспортын ұлғайтуға бағытталған.

Нақты егіншілік – бұл цифрлы технологиялардың жиынтығын (ГАЖ, үлкен деректер және ұшқышсыз зондтар) қолдануға негізделген, егістердің өнімділігін басқару жүйесі екендігін атап өту қажет. Осы күнге дейін ауылшаруашылығының тарихында жүргізіліп келгендей, «жай көзбен қарап» топырақты жырту, себу және тыңайтқыштарды енгізудің орнына, бүгінгі күні цифрлық жүйелер фермерге әр танаптың тәлімдеріне нақты дәлдікпен метрге дейін қажетті тұқымның, тыңайтқыштардың мөлшерін, өсімдік қорғау құралдарын және басқа да ресурстарды, шығындарды қысқарта және танаптардың өнімділігін жоғарылата отырып есептеп бере алады.

Бұл жобаны іске асыру 2018 жылы басталып, 2019 жылы жалғастырылуда.

«Ақмая» фермасын цифрландыру жұмыстары өндірістің және тар орындардың» ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Яғни, ең бірінші кезекте – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жоғары пайда әкелетін оңтайландыруға мұқтаж үрдістер цифрландырылады.

«Sequoia» мультиспектрлық камерасымен жабдықталған «Parrot Disco Pro Ag» ұшқышсыз ұшатын аппаратын (ҰҰА) қолдану арқылы «Ақмая» ШҚ-ның танаптарына (800 га) цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл үшін деректерді өңдеу және ұшқышсыз ұшатын техниканың сарапшысы, институттың маманы – Стюарт Боулин (АҚШ) тартылды. Стюарт жеңіл және ұшқышсыз ұшатын авиацияның сертификатталған ұшқышы болып табылады, сонымен қатар, ҰҰА-ты басқаруда, автоұшқышты бағдарламалауда, алынған мәліметтерді талдауда мол тәжірибесі бар. Алынған деректер - нақты карталар, шаруашылықтың ресурстары, тарихы мен оқиғалары туралы барынша мүмкін ақпаратты қамтитын ферманың «Цифрлық көшірмесі» деп аталатын компьютерлік моделінің негізін құрайды.

Шаруашылықтың ресурстарына кешенді аудит жүргізілді. Қолда бар техникалар, қызметкерлер, танаптар мен олардың тарихы, өнімділігі, сорттары жайлы және т.б. мәліметтер жиналды. Сонымен қатар, бұл деректер «Ақылды ферманың» ішкі бірыңғай цифрлық тұғырнамасында (платформасында) жинақталған.

Ерте көктемде тәлімдерді егжей-тегжей агрохимиялық тексеру жұмыстары атқарылып, оның ішінде 2 метр тереңдікте бұрғылау жүргізіліп, 800-ден астам топырақ үлгілері алынды. Бұл аймақта топырақтың тұздану деңгейі жоғары болғандықтан, бұл фактор ерекше зерттелуде.

«Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бірлесіп, жер телімін зерттеу, оның қышқылдылығын, сонымен бірге, микроэлементтер мөлшерін анықтауға көмектесіп, мамандар арқылы негізгі жер телімінің жағдайын жақсарту бойынша нақты ұсыныстар береді.

Аталмыш институт директоры А.Агеенконың басқаруымен институт мамандары агрохимиялық көрсеткіштерге жер пайдаланушылардың телімдеріне зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқанына бір апта болды.

Институттың минералдық қоректену және топырақ агроэкология бөлімінің көмекшісі М.Мұңайтпасов пен мамандары Е.Жүсіпбеков және Ж.Жанболатұлының айтуларынша топырақ құнарлылығының агрохимиялық жағдайын бақылау үшін Қазақстан Республикасындағы барлық жер пайдаланушыларының суармалы егістік алқаптары бес жылда бір рет, тәлімі жерлер жеті жылда бір рет агрохимиялық зерттеуден өтуі тиіс. Зерттеуге 5 күн уақыт кетеді. Ал, үлгілер саны алқап аумағына байланысты. Алқап GPS көмегімен аумағы он гектар дара телімдерге нүктелеп бөлінеді. Институттың кең көлемде талдамалы міндеттерді орындауға арналған заманауи агрохимиялық аккредиттелген зертханасы бар. Бөлім мамандары агрохимиялық талдауға топырақ үлгілерін азот, фосфор, қорда, калий, PH, күкірт мөлшері сынды өлшемдері бойынша алынады. Талдау нәтижесінің негізінде жер пайдаланушылар жерлерінің құнарлық жағдайы жөнінде ақпарат және өр алқап бойынша, минералды тыңайтқыштарды қолдану туралы ұсыныс айтылады. Бұл топырақтың құнарлылығын сақтап қана қоймай, өнімділікті арттырып, сапасын жақсартуға қолғабыс болмақ. Сондай-ақ, әр шаруашылық үшін агрохимиялық картограмма әзірленіп, барлық мәлімет жер пайдаланушылардың бірыңғай дерекқорына енгізіледі.

Ауылшаруашылығы техникасының GPS-мониторингін енгізу үшін техникалық шешім ұсынылады. «Ақмая» шаруашылығында кең спектрлі сенсорлармен қамтылған «John Deere» және «Claas» заманауи техникасы қолданылады. Көбінесе, фермер бұл құнды ақпаратты пайдаланбайды, цифрлық деңгейде өз техникасын басқаруға мүмкіндігі немесе білімі болмайды. Жоба барлық ықтимал деректер көздерімен тығыз интеграцияны болжайды, сондықтан, ауылшаруашылық техникасының бірегей мүмкіндіктері толығымен пайдаланылады, тракторлар мен комбайндар датчиктерінің ақпараттары біріктіріледі және «Ақмая» шаруашылығындағы «Ақылды фермасында» қолданылады.

Шаруашылық алқаптары экожүйенің ауа-райы мен климаттық сипаттамаларын бақылау қызметі құрылады. Автономдық метеостанциялар топырақ, ауа, су, күн туралы деректердің толық спектрін жазып, деректерді нақты уақыт режимінде жүйенің орталық серверіне жібереді. Метеодеректер ауа-райы жағдайларын ескере отырып, өндірістік процестерді түзету үшін, кризистік сәттердің (құрғақшылық, зиянкестердің жаппай көбеюі) алдын алу үшін қолданылады. Деректердің жиналуы зиянкес организмдердің пайда болуы туралы болжам жасауға және қорғаныс шараларын қолдану үшін алдын-ала дайындалуға мүмкіндік береді.

Сандық деректер алқаптарды жобалау және жоспарлау үшін пайдаланылады. Аумақтың басты дақылы күріш екені маңызды. Ал, алқаптың геометриялық дәлдігі (тегістігі) күріш өсіруде суды тиімді пайдаланудың маңызды факторы болып табылады. ҰҰА арқылы алынған дәл үшөлшемді карталар жер бедерінің біркелкі тегіс емес жерлерін анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде алқаптар деңгейін түзетіп, суды айтарлықтай үнемдеуге үлес қосады.

Қызметкерді басқару жүйесі әзірленеді. Әрбір қызметкер жұмыс тәртібін, талабын, мерзімін жұмыстың жоғары дәрежеде дұрыс орындалуы және технологиялық картаға сәйкес барлық басқа да жағдайлар жайлы біледі. Цифровизациялау бұл нәзік механизмді нақты баптауға, фермадағы кадрларды басқаруға мүмкіндік береді. Мотивациялық және бонустық бағдарламаларды, рейтингтерді енгізгендіктен қызметкерге адал және тез жұмыс істеу тиімдірек болады.

Зиянкес организмдерді қашықтан бақылау жүйесі құрылады. Сонымен қатар, өндірістің барлық кезеңдерінде толық зертханалық фитопатологиялық бақылау жүргізіледі. Фермер қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ-ның сертификатталған зертханаларында фитосараптамадан өткен, кепілденген сау тұқымдарды себеді.

«Акмая» пилоттық шаруашылығы аймақтағы барлық фермерлер үшін демонстрация алаңына айналады. Мұнда әрбір фермер өз табысын қалай арттыруға болатыны, көбірек түсім алуы, тәуекелдерді басқаруы, техникамен жұмыс істеуі және т.б. жайлы сұрақтарына жауаптар табады.

«Өскен өңір» ақпарат.

«ӨСКЕН ӨҢІР» – 80

«ӨСКЕН ӨҢІР» ЖӘНЕ ӨМІР

«ӨСКЕН ӨҢІР» ГАЗЕТІ – АУДАН ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ ҒАНА ЕМЕС, АЛДЫМЕН АУДАНДЫҚ, СОНАН СОҢ ОБЛЫС, ҚАЛА БЕРДІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДА ҚАЛАМ СІЛТЕГЕН ТАЛАЙ ЖАҚСЫЛАР МЕН ЖАЙСАҢДАРДЫ ҚАРА ҚАЗАНЫНДА ҚАЙНАТЫП, ШЫҢДАП ШЫҒАРҒАН ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҚ. «МЫҢ БІР ТҮНДІ» ҚАЗАҚША СӨЙЛЕТКЕН ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ, САТИРАНЫҢ САҢЛАҒЫ СЕЙТҚАСЫМ СЕЙТЕНОВ, ЕЛ АНАСЫ АТАНҒАН АҚЫН АПАМЫЗ МӘРИЯ ЖҰМАТОВАЛАРДАН БАСТАП, ОРАЗБЕК СӘРСЕНБАЙ, ЗӘКІМ ЖАЙЛЫБАЙ, СӘРСЕНБЕК ЖҰМАБЕКОВ, СӘРСЕНБЕК БЕКМҰРАТҰЛЫ, ТҰРҒАНБЕК КӘРІМҚҰЛОВ, СӘФИ ҚҰРМАНАЕВ СЕКІЛДІ ТАЛАЙ АРДАҚТЫЛАРДЫҢ ҚАЛАМЫН ҰСТАРТЫП, ҚАДАМЫН ҰЗАРТҚАН БҮГІНГЕ ДЕЙІН КӨРІГІ ҚОЗДАП, ЖАЛЫНЫ МАЗДАП ЖАНЫП ТҰРҒАН ШИЕЛІНІҢ ШЕЖІРЕЛІ ШЕБЕРХАНАСЫ.

Шығармашылық отбасында өскен соң болар, сол кісілердің көпшілігін тәп-тәуір білетінім бар. Бірқатарымен сыйластық қарым-қатынаста болуым заңдылық. Әсіресе, ағам Оразбекке жақын жолдас, сырлас болған «Өскен өңірдің» байырғы қызметкерлері ақын Сәрсенбек пен қарымды жорналшы-публицист, фотошежіреші Тұрғанбек ағаларамызбен арамыз жақсы болды.

Осыдан 3 жыл бұрын карттар күніне байланысты жайылған дастарханға келген топ ардагерлерді қарсы алып мейрамхананың кіре берісінде тұрғанда Тұрғанбек ағамыз:

– Әй, Исабек! Үй-ішің аман ба? Іздеп жүр едім, сәтімен жолықтық-ау... – деп өзімсінген өктемдікпен қолтықтан алды.

– Иә, аға, – деймін мен әдеттегіше. – Не болып қалды? Мына кісілерді қарсы алуым керек еді, кейін айтсаңыз болмас па екен?

– Жоқ болмайды... – Әнеу күні қағаздарымды ақтарып отырып, неге менде жүргенін қайдам, Әбіштің (Кекілбаевты айтып тұр) Оразбекке жазған 4 машинописьтік хатын тауып алдым, соны саған табыстайын деп едім, үйге соқсаңшы...

Ағам қайтыс болғалы оған қатысты кез келген жаңалыққа елең етем ғой, жоғым табылғандай қуанып кеткенімді қайтейін, өкінішке орай, осы арада әңгімемізді мәжбүрлі түрде үзуге тура келді. Үздіксіз кіріп жатқан ардагерлерді құрақ ұшып қолтықтап қарсы алып, қайта бұрылғанымда, Тұрғанбек аға топтың ортасында емен-жарқын әңгіме айтып, жұртты күлкіге қарық етіп тұр екен. (Ағамыздың бой жазғаны ма екен, арада сағат жарым өтпей-ақ, сол тік тұрған қалпы, таяғына сүйенген күйі бақилыққа аттанып кете бапарын кім ойлаған десеңізші)...

– Ә, келдің ба? Бүгін келме. Есігімнің алдында 11 сотық жерім, 30 түптен аса жүзім, жеміс ағаштарым бар. Соларды айналдырып жүргенімде кеш болады, шаршап та қалам. Сенбі күні түстен кейін хабарласып келе ғой, көптеген суреттер, хаттар бар бірлесіп іріктейік, керегін аларсың, – деп еді.

Иә, бұл біздің соңғы тілдесуіміз екен, қайта жүздесудің сәті түспеді. Дастархан соңында арнайы сөз сұрап алған қарт журналшы, алғы шепте қаруын ұстаған солдаттай таяғына сүйеніп тұрып сөз сөйледі. Өңірімізде ежелден қалыптасқан елдің бірлігі мен берекелі тірлігіне сүйсініп, осы жолда қай салада болмасын басшылық қызметтерде аянбай еңбек еткен аға буын өкілдерінің көпшілігінің маман мұғалімдер екенін кеудесі мен иегін көтерген жоғары пафос, мақтанышпен айтып еді-ау... «Анау отырған Рахым да, мынау отырған Сейілбек пен Өмірзақ, мен дее-е»... Осы жерде пауза жасағандай болған ағамыз кенет шайқалақтап кетіп, өзін сүйемелдеген Омархан ағамыздың қолтығына қисая бере үзіліп кетіп еді. Мәңгілікке...

Араға жыл аралатып, қызы Назеркемен хабарластым. «Осылай да, осылай... уәдеміз бар еді». Алғашында: «көп қағаздарды қажетсінбей балалары өртеп жіберді...» деп аса құлық танытпаған қарындасымыз, кейіннен қалған дүниелері арасынан келіп іздеуіме рұқсат етті. Бұзылмай аман тұрған атам заманғы қоржын тамның түкпіріндегі зәуімен аман қалған ескі шабадандағы ат-көпір қағаздар арасынан пысқырып-түшкіріп отырып бірталай қағаздар мен дәптерлер, папкелерді әуелі іріктеп алдық. Сосын бірлесіп көз жүгіртпейміз бе? Бір кезде әбден сарғайған конверттер сыртындағы баданадай жазулар көзіме оттай басылды. Жазбай таныдым. Ағам Оразбектің почеркі. Қызылорда. Шиелі. «Өскен өңір» газеті редакциясы. Т.Каримкулову. Хат Тұрғанбек пен Сәрсенбекке арналған. Іле тағы бір сарғайған конверт. Бұл – осы екеуі және Оразбекке жазылған сол кезде 20-дан енді асқан жігіттердің қыз-қырқын, қызық-шыжыққа толы өмірге көзқарастары, поэзия, прозалық шығармалары жайлы ой-пікірлері, өмір бақи ажыраспайтындай достық сезімдері мен қимастық, сағыныштарының белгісі, куәсіндей Әбіш Кекілбаевтың хаты.

Мұрыннан су, көзден жас кетіп, пысылдап отырып оқимын да, шашылған қағаздардың әр парағына үңіліп тағы ақтарам. Тағы да екі-үш жерлерден хаты табылса, конверті, конверті табылса, хаты жоқ болатын қағаздарды сапырып ұзақ отырдым. Бір ғана хат іздеп барған шұқшиған еңбегім еш кетпеді. Қолжазбалары, жинақталған папкелер арасынан тағы да 7, сол күні барлығы 9 хатты тауып жинақтадым. Ертеңіне тағы біреуін, арада 6-7 ай өткенде хабарласқан Назерке қарындасым тағы бір хатты тауып Алматыдан электронды поштама салып еді.

Уақыт деген ұлы кеңістік әлемінде тағдыр, жазмыш атты сиқырлы «таяқшаның» болатынын, әдебиет пен қоғамдық өмір баспалдақтарында бәрі де бірдей қиян биіктерден көрінбей, әрқайсысы өздеріне ғана бұйырған сатыларда табан тірейтіндерін олар білмегенге ұқсайды. Хаттар мазмұны осылай ой түюге меңзейді. Өйткені, олар тым жас еді.

Жалпы, Тұрғанбек ағамызды бала күнімізден білетінмін. Біздің үйдің бір баласындай болып, ағам Оразбек Алматыға қоныс аударғанша екі үйдің іргесі ажыраған емес. Бетін күн қағып, мезгілінен ерте әжім торлаған әжемізбен екеуі ғана осы күнгі Салтанат сарайының артында канал жағасындағы дөң басында жыңғылмен қоршаған шағын ғана ауласы бар қоржын тамда тұратын. Шағын үйдің іші-сырты бірдей айнадай таза, есігінің алдында көлденең қылау жатпайтын ерекше тазалық иесі, жалғызын жеткізем деп сол замандағы жесір әйелдің иығына түсетін барлық ауыртпалықтарды қайыспай көтерген қазақтың шүйкедей ғана қара кемпірі болған әжемізде мақсат-мұратына жетіп, немерелерінің ортасында ұзақ жасап беріде қайтыс болды. Тұрғанбек ағамыз ауданда беделі бар білдей қызметкер болып, алғаш соғылған 2 қабатты үйдің 2-ші қабатынан үй алғанда, әкеміздің сойып берген бір тоқтысын арқалап келген шешеміз бен екеумізді шешелі-балалы екеуі жайраңдап қарсы алғаны жадыма жатталып қалған. Көршісі Зәкімнің (Жайлыбаев) анасы Бибайшаны шақырып, әп-сәтте дайын болған өзіме таңсықтау көрінген сәбіз туралған үйеме табақ буы бұрқыраған палауды ортаға, алып мәз-мәйрам мәслихат құрғандары күні бүгін көз алдымда. Тұрекең менің анамды да Оразбекке ұқсап атын атайтын. «Бибайша деймін, а Бибайша, мынау үйге әлі үйрене алмай жүрмін. Байқамай, желдеген серкеге ұқсап басым ауып, ескі үй жаққа кетіп қала берем жұмыстан шыққасын...» – деп масайрайды ағамыз тарқылдай күліп. Қопаң-қопаң қуаныштан өсіріңкірей сөйлейді екпіндеп. Шағын балконнан сыртқа қарап, биік бағанада қатар-қатар тартылған сымдардың қол созым жерде тұрғаны мен асфальтты көшеде ағылған көп халықты (маған солай көрінген болар) көріп айран-асыр тамашалағаным бар. Бұл Тұрекеңнің азамат болып қатарға қосылғандағы анасын бірқадам қуанышқа кенелтіп алған басыбайлы отау үйі, бағындырған алғашқы биігі еді-ау, – деп ойлаймын. Осы қоныс тойдан соң ақпейіл ағамыздың танауы делдиіп, біразға дейін өзіне-өзі келе алмай жүргенін, достары көпке дейін келмеждегенінен хабарым бар. Сөйткен Тұрғанбек ағамыз өзінің бар саналы өмірін, күш-қуаты мен білікмашығын аудандық газет жұмысындағы машақаты көп корректорлық, фото тілші, жауапты хатшылыққа дейін сарқи арнапты. Жас кездеріндегі араласып сыйласқан достары қандай десеңізші?!. Әбіш Кекілбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Сейфолла Оспанов, Оразбек Сәрсенбай, Сәрсенбек Жұмабеков т.б. картайғандағы тұстастары қандай? Рахым Мәуяұлы, Сейілбек Аманжолов, Өмірзақ Исахаханов пен Омархан Кемелов т.б. ауданның қаймақтары, кіл жақсылар!. Жаман атын шығармай, қаламын қару қылған қоқан-лоқы жат мінезден ада, мардымсып міндетсінбей-ақ, ешкімнен алашағы да, берешегі жоқ, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, ораза-намазын қаза етпей, бір күн де ауырып ешкімге салмақ салмастан сұлу да, сыпайы қалпынша өмірден өте барды. Не деген ақ өлім! Өзі ниет еткен, бір арманын орындай алмай кеттіау?! Бір жолы маған айтып еді: «Оразбек ренжіп жүр ме қайдам, Шараның қазасына арнайы барып көңіл айта алмадым. Күзге жақын Алматыға барып, сондағы балалардың үйіне шақырып, арнайы қонақ етем. Алғашқы кітабының атын өзім қойған едім. «Жапанда қалған жалғыз үй» деп. Кейіннен баспадан «Жалғыз күрке» болып өзгеріп кеткен. Сол сияқты, жапанда жалғыз қалған екі жетім шал бір ішімізді босатамыз ғой сөйтіп, менің де кемпірім жоқ... – деп еді. Тағдыр оған жазбапты, артынша жыл толмай-ақ, екеуі де дүниеден өтті. Бала күнгі досының бұл ниет-ықыласын мен арқылы естіген Орекеңнің, қимастық-ризашылық сезімге бөленген жанары жалт етіп еді... Әттең дүние-ай десеңізші!

Ендігі жерде, Тұрекеңнің аудан өмірінің айнасы «Өскен Өңірмен» бірге жасасатын екінші ғұмыры ұзақ болғай деп тілейміз.

Исабек СӘРСЕНБАЙҰЛЫ.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Шиелі ауданы, Алмалы ауылы, Н.Бекежанов көшесі, №9 үй сатылады. Алдында сарайы, ошақ қорасы бар. Жер көлемі 10 сотық.

***

Шиелі кенті, Нысанбаев көшесі, №1/3 жер үй сатылады. Үй 6 бөлмелі. Газбен жылиды, ваннасы, әжетханасы бар. 3 фазды электр орнатылған. Есік алдында времянкасы, моншасы бар. Хабарласу телефондары: 87017999640, 87773656444.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Татенов Ертай Құрмашұлының атына берілген мемлекеттік белгісі N908 АРМ санды М-412 жеңіл көлігінің тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

(Қостанай облыстық Әділет департаменті Қостанай қалалық Әділет басқармасынан 01.02.2016 жылы берілген БИН 120740002769)

Біздің мекен-жайымыз: Шиелі кенті, Ы.Жақаев көшесі, №1в.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ӘЖЕЛЕР САЙЫСЫ

ШУАҒЫН ШАШҚАН КӨКТЕММЕН ҚАТАР КЕЛЕТІН ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН АСЫҒА КҮТПЕЙТІН ЖАН ЖОҚ БОЛАР. ӘСІРЕСЕ, КІШКЕНТАЙ БАЛАЛАР НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ЕРЕКШЕ ДАЙЫНДЫҚПЕН ҚАРСЫ АЛАДЫ.

Жылдағы дәстүр бойынша аудандағы бірқатар балабақша тәрбиешілері мереке құрметіне арнап ұлттық дәстүрден сыр шертетін танымдық кештер ұйымдастырды. Соның бірі Ұлыстың ұлы күніне орай кенттегі «Бегайна» балабақшасында «Әжелер сөзі – тәрбиенің көзі» тақырыбында өткен әжелер сайысы.

Балабақша бүлдіршіндерін ұлттық салт-дәстүрге баулу мақсатында ұйымдастырылған шара алты бөлімнен тұрды. Алдымен, өздерін таныстырған әжелер ұршық иіруден бастап, өз өнерлерін көрсетіп, қазақы дастархан жаюдан сынға түсті. Кеш барысында тұсау кесер, шілдехана, бесікке салу, тұлым кесу жөн-жоралғылары жасалып, сайысқа қатысушы әжелер ақ батасын берді. Бұл – ұлық мерекенің басты құндылықтарының бірі. Түркі жұрты жаңа жылды осылайша, арқа-жарқа күйде қарсы алады. Әжелер де осы үрдістен жаңылмады. Сайыс соңында үздік әжелер анықталып, қатысушыларды балабақша меңгерушісі Э.Палымбетова марапаттады. Ұлық мерекені балабақшадан атап өтудегі басты мақсат – салт-дәстүр, Наурыз мейрамының құндылықтарын дәріптеу болатын. Ұлттық тәрбие қашанда бала тәрбиесіндегі басты қағида болып қала бермек.

М.НҰРЕКЕЕВА

АНАЛАР – АЛТЫН ҚАЗЫНАМ

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ «АЙСҰЛУ-Ұ» БАЛАБАҚШАСЫНДА «ӘЖЕЛЕР – АЛТЫН ҚАЗЫНАМ» АТТЫ ӘЖЕЛЕР САЙЫСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Балабақшаішілік байқауға «Мадина» тобының әжесі Е.Жаманқұлова, «Ботақан» тобынан Т.Ахметова, «Балапан» тобынан Г.Төреханқызы, «Балдырған» тобының атынан А.Бегманова қатысып, ерекше өнер көрсетті.

Кеш барысында бүлдіршіндер мың бұрала билеп, ән шырқап үлкендерді шат-шадыман күйге бөлесе, әжелер салт-дәстүрден сыр шертіп, өз өнерлерін көрсетті. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында тартысты өткен сайыста үздіктер марапатталып, жүлделі орындар табысталды.

Шара соңында дастархан жайылып, жиналғандар наурыз көжеден дәм татты.

«Өскен өңір» ақпарат.

НҰР СЕБЕЛЕ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Жақында Қ.Берімбет басқарып отырған Шиелі аудандық жалпы білім беретін кешкі мектебінде «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатын мектептің жас маманы, сынып жетекшісі Салтанат Мангулова «Қазақы дастарханым» әнімен бастап ашты. Наурыз мейрамы аясында міндетті түрде атқарылатын түрлі салт-дәстүрлер бар. Солардың бірегейі «Тұсау кесер» рәсімін жасап, кішкентай Аринаға мектеп директоры мен көмекші имам «Жолы ашық, түзу болсын» деп баталарын берді. Іс-шарада көпбалалы отбасыларға, мектеп оқушыларына арнап наурыз көже ұйымдастырылды.

Аудандық орталық «Оқшы Ата» мешітінің көмекші имамы Нұрбек Молдияров шақырылып, оқушыларға рухани азық боларлық әңгіме айтып, ас қайырып, бата беріп, құран бағыштады.

Мектеп директоры Қ.Берімбет ұстаздар мен оқушыларды, қонақтарды Наурыз мейрамымен құттықтап, компьютер арқылы арақашықтықпен жұмыс жасап жүлделі орын алған оқушыларды марапаттады. Оқушылармен бірігіп жұмыс жасаған мұғалімдер: Р.Айтуғанова, Ғ.Байназар, Р.Нұрдинова, Д.Ыбыраш, А.Қайранбековалар марапатталды.

Наурыз мейрамында барлығы жылы шырайды сезініп, сағынышты көрісулермен, жаңа жылды қарсы алды. Жер иесі – Қыдыр ата елді, үйді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деген сенім-наным әрқайсымыздың жүрегімізде ұялаған. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, ағайын!

Әлия БОЛАТОВА,
кешкі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ДӘСТҮРДІ ҚОЛДАҒАНЫҢ, ӘДЕПТЕН ОЗБАҒАНЫҢ

Десекте жаңа өмір, жаңа заман,
Жақсы ғой бірін-бірі бағалаған.
Түйсіксіз тайлақтардан сақта құдай,
Тайраңдап алды-артына қарамаған

Мұқағали Мақатаев

Әлемде анаға жетер жан жоқ. Адамзаттың күш-қуатының негізі болған Алланың үлкен сыйына ие болған адамзаттың асылы, табиғаттың жасылы ұрпақтарды дүниеге әкелген әйел затына көрсетілер құрметтің шегі жоқ. Бойында отқа күймейтін, суға батпайтын төзімділігі темірдей, түзде ерінің үйдегі ата-ене, бала-шағаның қамын ойлаған, иманына мықты, жүрегі мейірім шапағатқа толы, шаңырақты шайқалтпаған әйелдерді неге құрметтемеске.

Осы орайда, ауданның айнасы «Өскен өңір» газетінде Нұрлан қажы Байжігітұлының «Киелі халық» деген әйел қауымы жайлы мақаласының мәні тереңде жатқанын ұғындыра білген еді. Мұхаммед пайғамбарымыздан бастап, сонау дәуірдегі хандар, патшалар құрған замандағы әйелге деген құрметтің ерекше көрсетілгенін, ол әйелдердің де соған лайық екені бүгінгіні таразылай отырып жеткізді. Қазіргі қазақ әйелдері де сондай құрметке лайықты екенін әдемі көрсете білді.

Қоғам алға жылжуда шаңырақтың ғана шамын жақпай, елдің де өсіп-өркендеп дамуына ер азаматтармен қатар жүре ел жүгін арқалаған кешегі Шырынкүл, Закира, Ұлбала, Пернеш, Сартай, Жадыра сынды аналарымыз көпке үлгі. Тоқсаннан ассада жадын жоғалтпаған ауданның бибіпатымасы Ұлман, ұстаз Бақыт Жанаева мен Гүлжан Жәукебаеваны айтуға болады. Он үш жасынан сиырдың желінінен сүтті селдей ағызған бірнеше ордендерді кеудесіне жарқырата таққан Рая Бердешова, солардың сіңлілері Шиелі ауданының құрметті азаматы Назира Парманқұлова, әйелдердің мүддесін қорғап алғыс арқалаған Шәмшәт Оразымбетова, Шиелінің ерке қызы атанған Нәйлә Палымбетова, Нұр Отанның аудандағы туын биік көтерген Патыма Мақанбеттер қоғамға қызмет етуде іскерлік, ептілік танытқан мақтан тұтар жандар, ер аналар десе артық емес.

Әйел жаны қандай нәзік болса, соншалықты қуатты, тағдырына қуана білетін, кешегі бір үзім нанға зар болған сұрапыл соғыс дәуірінде мойымай, арұятты биікке қойып салт-дәстүрімізді сақтап қалған. Бірақ, деп күмілжитін, жерге қарап ренжитін сәттеріміз де бар. Әйелдердің көпшілігі күн көріс қамымен саудаға шықты. Оларды да түсінуге болады. Қолынан келген шаруаны жасау күн көрістің кейіпі. Қандай кәсіппен айналыссаңда еркіндік, жол ашық. Сол еркіндікті кімдер қалай түсінеді.

Көпке топырақ шашудан аулақпын. Дегенмен, заң біз жағында, сөйлеу еркіндігі бар деп ер азаматтардан аттап, қалай болса солай айқай салып, шу шығаруды ерлік көретіндер де арамызда бой көрсетіп жүр. Мұң-мұқтажын, ойын, талап тілегін тиісті жерлерде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып жеткізсе, тыңдамайтын жан болмайды. Әр нәрсенің орны бар. Қай кезде қазақтың әйелдері ер азаматтың алдын кесіп, беттен алып, дәстүрімізге көлеңке түсіріп еді? Көзсіз, негізсіз айқайдың абырой әпермейтіні қақ. Сондықтан, бірімізді ана, бірімізді аяулы апа-қарындас, бірімізді ұрпағымыздың аналары келін деп алақандарында аялап жүрген, ел тізгінін ұстаған азаматтарымызға түсіністікпен қарап, қолдау көрсетуіміз керек. Теріс пиғылды әрекеттердің құрбаны етпей әдептен озбай, өз орнымызды ауыстырмай олардың елдің әл-ауқатын көтерудегі еңбектерін жалғастыра беруіне мүмкіндік беру баршамыздың міндетіміз.

Айбарлы аналарымыз, ибалы қыздарымыз, ізетті келіндеріміз жүз жерден өмір өзгерсе де ұлттық намысымыз, салт-дәстүріміз өзгеруге тиіс емес. Өйткені, біз ата-бабалар салып кеткен сара жолды небір алапаттан қазақ деген ұлы есімді сақтап қалған, намысын қанмен жуған жауынгер жау жүрек ұлттың ұрпағымыз. Дәстүрге берік әдептен озбағанның қашанда жүзі жарқын, мерейі үстем болады.

Айжамал ӘБДІХАМИТҚЫЗЫ,
зейнеткер.

№22 (8673),
27 наурыз,
сәрсенбі,
2019 жыл

Osken_onir@mail.ru

https://osken-onir.kz

ҮТ КЕЛДІ, ҚҰТ КІРДІ

Б.БӘЙІМБЕТ (фото)

(Басы 1-бетте)

Наурыз мейрамы, ұлттық болмысымыз бен өнер, салт-дәстүр, ырым-тиым, ұлттық ойындарымызды айшықтап, тіршілікпен қатар адамдардың да рухани-мәдени жаңарып, жаңғыра түсетін мерекесі екені айқын. Мерекенің ашылу салтанатына аудан әкімі Ә.Оразбекұлы қатысып, аудан халқын Ұлыстың Ұлы күні әз Наурыз мерекесімен құттықтап, ақжарма тілек, жылы лебізін білдірді.

– Бүгінгі биік рухымыздың да, өрелі мәдениетіміз бен өнеріміздің де өзегі осында. Олай болса, біз үшін бұл күн – риясыз шаттық пен қуанышқа толы күн. Жер бетіндегі тіршілік атаулының қайнар бастауы, жақсылық пен құт-берекенің көзін ашып, күн мен түн теңелген күн. Елді бірлікке, ынтымаққа, достыққа ұмтылдырған күн. Наурыз мейрамы – бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы! Әз-Наурыз – Ұлыстың Ұлы күні, қазақ даласына шуағын шашып, бүкіл тіршілік атаулыға жан бітіп, ерекше күйге енеді. Наурыз – ежелден келе жатқан мейрам. Тамыры тереңге кеткен әз-Наурыз қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Ұлы даланың биік рухымен, тәңірге сиынған тәккәппар мінезінен басталатын Наурыз – халқымыздың тірлігі мен бірлігінің, ырысы мен берекесінің көрінісі, биік рухымыздың, өрелі мәдениетіміз бен өнеріміздің, салт-дәстүріміздің, тіліміз бен діліміздің өзегі, – деді аудан басшысы.

Жиналған жұртшылық аудан әкімінің қысқаша құттықтау сөзінен кейін, аудандық мәдениет қызметкерлерінің арнайы дайындаған «Мәңгілік елдің мәртебелі Наурызы!» атты мерекелік концертін тамашалады. Концертте адамға рух беретін күй ойнап, бойындағы патриоттық сезімінді оятатын әндер айтылды. Мың бұралған бишілер қазақы қамажай биін билеп, төл өнері сахна төрінде үстем болды. Осылайша, аудан өнерпаздарының өнеріне тәнті болған мерекеге келуші аудан тұрғындары нағыз білекті де жүректі ұлттық ойындарымыздың жілігін шағып, майын ішкен жігіттер арасында өткен ат үстіндегі аударыспақ, боз кілемдегі қазақ күресі, гір тасын көтеру, қол күрес сайыстарын тамашалады. Сонымен қатар, аналарымыз әзірлеген ұлттық қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды. Аудан әкімі бастаған ел ағалары стадионның іші мен сыртына қаз-қатар тігілген шатырларды аралап, халықпен кездесіп, емен-жарқын пікірлесіп, наурыз мерекесіне құтты болсын айтып, көпшілікпен бірге ұлттық астан дәм татты.

Тіптен аталған шараға шетелдік қонақтар да арнайы келіп, қызықтап жүргенін көзіміз көрді. Мерекеге келген бала-шаға, кәрі-жас түгел наурыздың қасиетін сезініп, арнайы жайылған тегін дастарханға еркін отырып, мәре-сәре күй кешті. Бұл да болса, мерекелік форматқа тың өзгерістің, жаңашылдықтың енгені деп білдік.

Иә, бабалар аманаттаған ел мен жерді, салт-дәстүрді, діл мен тілді қалай ұлықтасақ та артық етпесі анық. Өйткені, ұлттық құндылықтардың артында тәрбие дейтұғын ұлы ұғымның тұрары хақ. Ал, ұлттық болмыс, тәрбие біздің балаларымыздың білімді, рухани бай, озық ойлы болып өсіп жетілуіне әсерін тигізері сөзсіз.

ТАЗАЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ БАР

ТАЗАЛЫҚТЫ ТАРАЗЫЛАЙТЫН КӨКТЕМ МЕЗГІЛІНІҢ ДЕ АЛҒАШҚЫ АЙЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН. ҚАҚАҒАН АЯЗДАН АМАН ШЫҚҚАН ЖҰРТ КҮН ЖЫЛТ ЕТКЕННЕН ТІРШІЛІКТІҢ ҚАМЫНА КІРІСІП КЕТТІ. ҚЫСТАЙ ҚАР БАСҚАН КӨШЕЛЕРДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ДЕ ОСЫ МЕЗГІЛДЕ АЙНА-ҚАТЕСІЗ КӨРІНІП ТҰРАТЫНЫ БЕЛГІЛІ. «ТАЗАЛЫҚ ИМАННАН» ДЕП ҰҒАТЫН ҚАЗАҚ ЕЖЕЛДЕН ЖЕР-АНАНЫ ҚАДІРЛЕП, ҚАСТЕРЛЕЙ БІЛГЕН. ҚОҚЫСТЫ АДАМ АЯҒЫ БАСПАЙТЫН АЛЫСҚА ТАСТАП, «БІР ТАЛ КЕССЕҢ, ОН ТАЛ ЕК» ДЕП ҰРАНДАТҚАН ДА БІЗДІҢ АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ.

Дегенмен, бүгінде тазалыққа мемлекет тарапынан айрықша мән беріліп жатқанымен, жұртшылықтың өзі тұратын ауласына ұқыптылықпен қараудан қалып бара жатқаны ащы да болса шындық. Соңғы уақытта көшеге шыға салып, қоқысын лақтыратын тұрғындарды тыюдан қалдық. Өткенді айтпағанда, жыл басынан бері басылым бетінде тазалық мәселесі бірнеше мәрте қаузалды. Тіпті, «Кент тазалығы кімге керек?» деген тақырыпта жарияланған мақаладан соң, тиісті мекемелердің бірі жауап берудің орнына, шамбайына батса керек, редакцияға келіп, дөрекілік көрсеткені де бар.

Айтып-айтпай не керек, сол мақалада сөз болған Д.Шыныбеков көшесінің тұрғындары жақында редакцияға келіп, тазалыққа бей-жай қарамайтындарын байқатты. Тұрғындар Алтынбеков, Шыныбеков, Т.Рысқұлов көшелеріне қарасты арықтың іші-сыртын қордаланған қоқыстан айнадай етіп тазалаған.

– Бұл көшеге көшіп келгелі көп болған жоқ. Келгеннен қоқысқа толы ауламен алысып келемін. Тазалық мәселесіне әкімшіліктің міндеті деп, бей-жай қарауға болмайды. Әр тұрғын өзінің үйі мен ауласының, одан қалса көшесінің, жалпы кенттің тазалығына жауаптымын деп санауы керек. Сонда ғана ауданымыз көркейеді, – дейді Алтынбеков көшесінің тұрғыны Әбіләкім Маханбетов.

Жоғарыда аталған көшелердің тұрғындары Қ.Қоспанбетов, Б.Амангелдіұлы, Н.Шантаев, Ә.Маханбетов, А.Байділдаев, С.Махановалар бірігіп, қалталарынан қаржы шығарып, ұзақ уақыттан бері көшенің көркін қашырып тұрған арықтың іші-сыртындағы қоқысты шағаруға атсалысты.

«Тазалық – денсаулық кепілі» дейді. Бей-берекет жатқан қоқыс сіз бен біздің денсаулығымызға қаншалықты кері әсерін тигізіп жатқанын байқай да бермейміз. Сондықтан, ауладағы арықтар суға толып, егін науқаны басталмас бұрын айналамызды абаттандырумен айналысқан абзал. Мақалаға арқау болған тұрғындардың игі бастамасын кенттің өзге де азаматтары қолдап, таза көше қалыптастыруға бір кісідей үлестерін қосса, нұр үстіне нұр болар еді. Тазалық бар жерде берекенің де тұрақтайтынын естен шығармаған жөн.

Гүлхан ЯХИЯ.

ҚЫЗДАН АР КЕТКЕНДЕ, МЕМЛЕКЕТТЕН ҚУАТ КЕТЕДІ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАШАННАН ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНЕ ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛГЕН. СЕБЕБІ, ҚЫЗ БАЛАНЫ АНА ДЕП, АЛ, АНАНЫ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ДЕП БІЛГЕН. «ШЕШЕ КӨРГЕН ТОН ПІШЕР» ДЕГЕН НАҚЫЛ СӨЗ ОСЫДАН ҚАЛСА КЕРЕК-ТІ. «АНА-ҚЫЗДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ» ДЕП ЖАТАМЫЗ ҒОЙ. ОЛ ҚЫЗДЫ ДҰРЫС ЖОЛҒА БАҒЫТТАУШЫ, СОНДАЙ-АҚ, ОНЫҢ БОЙЫНА АСЫЛ ҚАСИЕТТЕР МЕН ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІ СІҢІРУШІ АЛЫП ТҰЛҒА. ШЕШЕНІҢ БЕРГЕН АҚЫЛ –КЕҢЕСІН САНАСЫНА СІҢІРІП ӨСКЕН АРУ ҚЫЗДАР БӨТЕН ОРТАДА ДА ӨЗ ТӘРБИЕСІН ЖАТСЫНБАУЫ АНЫҚ ҺӘМ ТИІС.

Қандай мәселеде болмасын кешегісі мен бүгінін салыстыратын қазақпыз ғой. Бүгінгі қазақ қызының ар намысы мен баяғы қазақ қызының өр намысты тұлғасы бүкіл қоғамның түйіткілді мәселесі болып отыр. Төлегенді ақылдылығымен бауараған Жібектің, Кебекті сұлулығымен арбаған Еңліктердің сыныңы қайда бұл күнде? Батырлық пен ерліктің, тектілік пен өрліктің нағыз символы бола білген Әлия мен Мәншүгім, елінің болашағы үшін жазықсыз құрбан болған Ләззатым мен Сәбираларымның жалғасы кімдер? Осындай алыптардың ізін басқан қазақ қызының бейнесі неге өзгеруде? Қазіргі қазақ қызының жай-күйі қалай? Бүгінгі таңда қара көздеріміздің тәрбиесі неге 180°-қа өзгеріп отыр? Санамызды торлаған сұрақтар легі өте көп. Бірақ, жауап бір ғана: ол қоғам өзгерген. Әрине, заман ағымына қарай талпыну барлығымызға қажет. Дегенмен де шектен шығып, қыз баласына тән қасиеттен айырылу аруларымыздың болмысындағы нәзік тәрбиеге сын келтіруі әбден мүмкін. Шыны керек, қазірдің өзінде де сондай жағдайлардың жағалауында отырмыз. Қыз бұзылса, ұлт бұзыларын айқындай білген ата-бабамыз қызға қырық үйден тыйым салып кеткен. «Қызың өссе, қызы жақсымен жолдас бол» дегендей халқымыз тек өз қызының ғана емес сол қызының бой жетіп келе жатқан ортасындағы нәзік жандыларға да баса назар аударған. Қыздың болмысындағы ең керемет әшекейі-ұят. Сол себепті де, ата-анасы қызының өрескел мінезін, қисық қылығын көргенде «елден ұят», «көрші қолаңнан ұят болады» деген сын пікірлер айтып отырады. Сол кеңестерге құлақ аспаған қыздардың болашағының күңгірт болмасына кім кепіл? «Дала қызының назданған еркелігінде мұң да бар, жігер де бар, жалынышы мен жалыны да бар. Жан тазалығы, саудаға салмас ар-ұят тазалығы да бар. Сондай қолтума өнерінен кіршіксіз ләззат ала аласың..» деп Ғ.Мүсіреповше айтсақ, бір ғана қазақ қызының бойында әлем жұртшылығы іздейтін тектілік, ибалылық, нәзіктік бар. Міне, осындай ерекшелігінің арқасында бүгінгі күні дөңгеленген дүниенің джентельмендері Қазақстанмен құдаласуды жөн санап жатқандығына куә болып отырмыз.

Қыз баланың тәрбиесіне ата-ана ғана емес, бүкіл қоғам, отбасы, оның ішінде ағасының да тікелей қатысы бар. Қарындасы-ағасының ар намысының негізгі өлшемі. Сондықтан, ағасы қарындасын көп нәрседен тыйып отырады. Байқап қарасақ, мұның да өзіндік себептері бар. Бабаларымыздың қыз тәрбиелеуде басшылыққа алған әдістерінің бірі-ымырт түсе балаларын үйден шығармау болған. Бұл туралы асыл дінімізде айтылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына хадиске зер салайық: «Балаларыңды түн басталарда өздеріңе жақын ұстаңдар, өйткені, расында, осы уақытта жер бетіне шайтандар таралады» делінген. Сол себепті кешкілік уақытта қыз баланың үйінде, әсілі, ата-анасының жанында болғаны дұрыс. Бүгінгі күні осы тәрбиенің дұрыс берілмеуі қыз балаға кесірін тигізуде. Қыз баланы тал бесіктен жер бесікке дейін тәрбиелеу ұлтымыздың қанына сіңген қағида іспеттес. Сондықтан, әрбір қазақ қызы отбасы, ошақ қасынан алған тәрбиені түзде жүргенде де ұмытпаса екен дейміз. Еліміздегі қыздардың бүкілі дерлік «қазақ қызы» деген атаққа лайықты болса, бұл барлығымыз үшін де зор мақтаныш болары анық.

Қыз бала – ертеңгі елдің болашағы. Қыздан ар кеткенде, ұят кеткенде мемлекеттен қуат кетеді. Келешегіміз кемел болсын десеңіз, қыз тәрбиесіне баса мән беріңіз!

Тоқтагүл ДУСАНОВА.

ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 30 НАУРЫЗ, СЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Меншік иесі:
«СЫР МЕДИА»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің редакциясы
Бас редактор
Нұрболат ПІРІМБЕТ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 40-11-10
Бас редактор - 4-46-22
Бас редактордың орынбасары - 4-47-32
Жауапты хатшы, бас маман
Факс: 4-49-07.

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінде 19.06.2014 ж. қайта тіркеліп, №14410-Г куәлігі берілген. "Өскен өңір" аудандық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, "Сыр медиа" ЖШС баспаханасында басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8(724) 32 4-47-32 және 8(7242) 70-14-08 телефондарына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №4 А.
Таралымы 5814. Тапсырыс №457

Мекен-жайымыз: 120700, Қызылорда облысы, Шиелі кенті, А.Яссауи көшесі, №109. E-mail: osken_onir@mail.ru

Кезекші редактор Жұлдызай НОҒАЙБАҚЫЗЫ.